Абай күніне орай
Абай ғылыми зерттеу институтының
директоры, профессор Жанғара Дәдебаевпен
Абай таксономиясы туралы
жүргізген сұхбатымызды
ұсынып отырмыз.

АБАЙДЫҢ ТАКСОНОМИЯСЫ

ТАЛАП→ҚАБЫЛДАУ→БІЛУ→ТҮСІНУ→ЕСТЕ САҚТАУ→ ҚОЛДАНУ

Абайдың таксономиясын Сіз осы жүйеде ұсындыңыз. Осы жүйе толық деп есептейсіз бе?

Білім алушының танымдық ойлау деңгейлерінің Абай ілімінде көрініс тапқан осы иерархиялық жүйесін толық деп есептеймін.

Біздің білім беру жүйемізде американдық Б. Блумның таксономиясы қолданылып келеді және Блумның таксономиясы мейлінше толық, келісті деп жүрген жоқпыз ба? Расында солай емес пе?

Біздің білім беру жүйеміз – Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік білім беру жүйесі. Мемлекеттік, отандық білім беру жүйесі өз мемлекетіміздің, өз Отанымыздың құндылықтарына негізделуін дұрыс көремін. Өйткені елдің өсер өркенінің кісілік келбеті, құзыреттілігі мемлекеттік, отандық құндылықтарымыз негізінде қалыптасуы керек. Әлемдік білім беру кеңістігіндегі инновациялық жетістіктерді пайдаланудың маңызы зор екені анық. Бірақ оның өлшеуі мен мөлшері болады. Елдің білім беру жүйесін шетелдік үлгіге салудың жолы мен жөнін, өлшеуі мен мөлшерін толық саралап білмеудің ақыры қатерлі болуы ғажап емес. Оның үстіне біз елдің білім беру жүйесін шетелдік үлгіге өзімізше, өз білгенімізше, өз түсінігімізше салдық.Б. Блумның таксономиясы үш құрамдастан тұрады: 1) білім алушының танымдық ойлау деңгейлерінің иерархиялық жүйесі; 2) білім берудің мақсаттары; 3) білім алушының білім беру ісі аяқталғанда қалыптасатын құзыреттілігі. Б. Блумның жетекшілігімен жұмыс жасаған педагог ғалымдардың ұжымы 1956 жылы осы жүйені жасады. 1999 жылы Л. Андерсен мен оның әріптестері Блумның таксономиясының жаңартылған нұсқасын жасап, пайдалануға ұсынды.

Біз отандық орта білім беру жүйесін Б. Блумның таксономиясы (1956) негізінде жасадық және сол жүйені пайдаланудамыз. Оны бір тамаша нәрсе екен деп, өзімізде болған, бар құндылықтарымызды танып-білуге, бағалауға салғырт қарауымыз ақылға қайшы. Екіншіден, Б. Блумның таксономиясы 1956 жылдан бері белгілі. Ол туралы сын да, мін де аз емес. Тәуелсіз Қазақстан жағдайында оны әлемдік білім беру кеңістігіндегі баламасы жоқ бірден бір инновациялық жүйе деп қабылдау орынсыз, ал оны жолсыз, жүйесіз, жолын, жүйесін жете білмей қолдану білім беру ісін ақсатпаса, жақсартпайды.

Ойыңыз дұрыс. Ал енді Б. Блумның таксономиясында қандай кемістік бар деп білесіз? Бәлкім, онда ешқандай кемістік жоқ шығар?

Мәселе Блумның таксономиясында кемістіктің бар немесе жоқ екенінде

емес, осындай таксономияның негізі өзімізде бұрыннан бар екендігінде. Өткен ғасырдың білім беру жүйесінде **ЗУН** (знание, умение, навыки), **білім, дағды, біліктілік** деген болды. Қазір біздің таксономия деп жүргеніміздің мәні мен мәнісі осы ұғымдардың кеңістігінде анықталатын. Сонымен қатар мектеп мұғалімі өз пәні бойынша әр сабағының жоспарын жасайтын, ол жоспарды мектептің оқу ісінің меңгерушісі қарап, бекітетін. Сабақ жоспарында мұғалім сабақтың мақсатын, міндеттерін, сабақты өтудің әдістерін, қолданылатын дидактикалық құралдарды, сабақты аяқтағанда күтілетін нәтижені көрсетіп, сабақтың басты кезеңдерін, сабақтың барысын байыпты түрде баяндап жазатын. Сабақ өткен соң, сабақтың мақсатына жеткені туралы өз қорытындысын жасайтын. Сабақ жоспарының үлгісі, сабақтың барысы туралы көрнекті мамандардың оқу-әдістемелік еңбектері сол тұстарда «Қазақстан мектебі» сияқты педагогикалық журналдарда ұдайы жарияланып тұратын. Бұл өз алдына бір баға жетпес баянды оқу-әдістемелік технология еді.

Тәуелсіз Қазақстанның білім беру стандарттарында білім беру мақсаттары білім беру аяқталғанда күтілетін нәтижелер түрінде көрсетілді. Ол нәтижелер нақты құзыреттіліктер түрінде және көрсетілді: 1*) біледі; 2) түсінеді; 3) қолданады; 4) талдайды; 5) жинақтайды; 6) бағалайды.*

Стандарттарда, олардың негізінде жасалған үлгілік оқу бағдарламаларында білім беру ісі аяқталғанда күтілетін нәтижелерді анықтау үшін, оны дамытуды ақпараттандыру үшін қолданылатын басты үлгі – Блумның таксономиясы (1956). Оның әуелгі және толық атауы мынадай: «Білім беру мақсаттарының таксономиясы: таным аясы». Сонымен қатар ол «Бенджамин Блумның таным деңгейлерінің таксономиясы» деп те аталған. Қазақстанның мемлекеттік стандарттарында, үлгілік оқу бағдарламаларында оқу мақсаттары мен оқудан күтілетін нәтижелер Блум таксономиясының 1956 жылғы иерархиялық жүйесіне сай бекітілген. Ол жүйе мынадай: *білу; түсіну; қолдану; талдау; жинақтау; бағалау.*

Сонда отандық білім беру ісінде қолданып жүрген жүйеміз Блумның таксономиясы ма, әлде білім берудегі мақсаттар мен білім беру аяқталғаннан кейінгі құзыреттіліктер ме?

Таксономия – білім алушының білім алу үдерісіндегі танымдық ойлау деңгейлерінің иерархиялық жүйесі. Блумның таксономиясы, Абайдың таксономиясы дегенде, ойымызда білім алушының танымдық ойлау деңгейлерінің иерархиялық жүйесі тұрады. Отандық білім беру жүйесінде білім беру мақсаттары білім беру аяқталғанда күтілетін нәтижелер, құзыреттіліктер түрінде анықталған. Ол нәтижелер мен құзіреттіліктер отандық білім беру технологиясында Блум таксономиясына толық сәйкес: *білу; түсіну; қолдану; талдау; жинақтау; бағалау.*

Білім беру жүйесінде іргелі төрт құрамдастың маңызы зор: 1) білім алушының танымдық ойлау амалдарының иерархиясы; 2) білім алушының білім алу үдерісіндегі танымдық ойлау деңгейлерінің иерархиялық жүйесі; 3) білім берудегі мақсаттар; 4) білім беру аяқталғанда күтілетін нәтижелер. Бұл төртеуі – білім беру жүйесіндегі аты, заты, мәні дара-дара айрықша маңызды

және өзара байланысты құрамдастар. Бұлардың төртеуін де білім алушының танымдық ойлау деңгейлерінің иерархиясымен бірдей атау және солай қабылдау ақылға теріс. Ал бұлардың әрқайсысының мәні мен мағынасын саралап, даралап анықтау тәжірибені ғана емес, терең теориялық білімді, методологиялық негізі берік ұстанымдарды, қағидаттарды талап етеді.

Сонда білім алушының танымдық ойлау деңгейлерінің иерархиясы мен білім берудегі мақсаттар, білім беру аяқталғанда күтілетін құзыреттіліктер бірдей болып шыққан ба?

Ойыңыздың бағыты дұрыс. Біздің білім беру жүйемізде а) білім алушының танымдық ойлау деңгейлерінің иерархиясы, ә) білім берудегі мақсаттар, б) білім беру аяқталғанда күтілетін құзыреттіліктер бірдей.

Абай таксономиясында артық не кем дерлік ештеңе жоқ па?

Біз Абай таксономиясындағы білім алушының танымдық ойлау деңгейлерінің иерархиялық жүйесін өзгертпей, толық беруді дұрыс көрдік.

Б. Блумның таксономиясындағы *талдау, жинақтау, бағалау* деген соңғы үш құрамдас Абайдың таксономиясында жоқ екен. Бұл Абай таксономиясының олқылығы емес пе?

Абайдың таксономиясындағы білім алушылардың танымдық ойлау деңгейлерінің құрамында бұл үшеуінің болмауы олқылық емес. Ал бұл үшеуінің Б. Блумның таксономиясында білім алушылардың танымдық ойлау деңгейлерінің құрамдастары болуы – олқылық. «Не себепті?» деген сұрақты көзіңізден оқып тұрмын. Оның себебі мынада: Б. Блумның таксономиясы, Абайдың таксономиясы дегенде, ойымызда білім алушының танымдық ойлау деңгейлерінің иерархиялық жүйесі тұрады. Білу, түсіну, қолдану – осы жүйенің құрамдастары. Ал жүйелі ойлау талаптары тұрғысынан саралағанда, **талдау, жинақтау, бағалау** дегенде, ойымызда білім алушының танымдық ойлау деңгейлерінің иерархиялық жүйесі емес, білім алушының танымдық ойлау амалдары тұрады. Білім алушының танымдық ойлау қызметінің тиісті кезеңдерінің иерархиялық жүйесі мен білім алушының танымдық ойлау қызметінің амалдары бір реттегі, бір жүйедегі тектес, таптас, мәндес құбылыстар емес, оларды бірыңғай құбылыстар, ұғымдар қатарында қабылдау, топтастыру қисынсыз.

Иерархиялық жүйелер теориясының өзіндік методологиясы бар. Иерархиялық жүйелер теориясын, оның методологиясын жете білмейінше Блумның таксономиясын да, Абайдың таксономиясын да дұрыс түсініп, дұрыс қолдану қиын.

Б. Блум таксономиясында білім алушының танымдық ойлау үдерісі кезеңдерінің иерархиялық жүйесі мен білім алушының танымдық ойлау амалдары араласып жүр. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, отандық білім беру ісінде білім алушының танымдық ойлау кезеңдерінің иерархиясы мен танымдық ойлауының амалдары арасындағы айырмашылықты танып, білу оңайға түспейтінге ұқсайды.

Осыған орай тағы бір сұрағым болып тұр: Абайдың жүйесіндегі білім алушының танымдық ойлау деңгейлерінің иерархиясымен Сіз білім

алушының танымдық ойлау әрекетінің амалдары ретінде көрсеткен *талдау, жинақтау, бағалау* қалайша үйлеседі?

Аталған танымдық ойлау амалдары (талдау, жинақтау, бағалау) Абай таксономиясындағы білім алушының танымдық ойлау деңгейлерінің бәрінде белсенді қолданыста болады. Талдау, жинақтау, бағалау – Абай таксономиясының әр құрамдасы деңгейінде ұдайы орындалатын танымдық ойлау амалдары. Талдаусыз, жинақтаусыз, бағалаусыз білу де, түсіну де, алған, түсінген білімді қолдану да мүмкін болмайды.

Қазіргі шақта біздің білім берудегі мақсаттарымыз да, білім беру ісі аяқталғанда қол жеткізетін құзіреттіліктеріміз де білім алушының танымдық ойлау деңгейлерінің иерархиясымен бірдей болып шығатын сияқты ғой?

Бүгінгі білім беру тәжірибесіне қарағанда, солай болып шығатын сияқты екені рас.

Қолданыстағы отандық білім беру жүйесінде қазіргі шақта лайықты шешімін таппаған қандай өзекті мәселелер бар деп ойлайсыз?

Ондай мәселелер аз емес. Солардың көбін емес, бірін ғана айтайын. Ол – білім алушының танымдық ойлау деңгейлерінің иерархиясына сәйкес білім берудегі мақсаттарды ғылыми-әдістемелік тұрғыда дұрыс анықтау және дұрыс пайдалану. Бұл мәселені тиісті деңгейде дұрыс шешпейінше білім беру ісінің сапасы жақсармайды.

Абайдың таксономиясын отандық білім беру жүйесінде қолданудың логикалық моделін көрсетуге болмас па екен?

Абайдың таксономиясын отандық білім беру жүйесінде қолданудың логикалық моделін Абай институты мына үлгіде ұсынады:



Абай институты ұсынып отырған осы модельдің тұтынушылары кімдер болмақ?

Қазіргі отандық білім беру жүйесі мынадай құжаттарға негізделген: 1) мемлекеттік білім беру стандарттары; 2) оқу пәндерінің үлгілік бағдарламалары. Бұл құжаттар Блумның таксономиясына негізделгенін жоғарыда айттық. Оқулықтар осы құжаттарда анықталған талаптарға сай жазылады. Орта мектептің пән мұғалімдері сабақтарын осы құжаттар мен оқулықтар бойынша өткізеді. Абай институты ұсынып отырған модель осы салалардағы мамандарға арналған. Осы құжаттарда, олардың негізінде жазылған оқулықтарда орын алған кемшіліктер мен олқылықтарды айта-айта талай мамандар қартайды. Отандық жалпы орта білім беру сапасын, білім беру жүйесінің сапасын жақсартатын уақыт өтіп кетіп барады.

Отандық білім беру жүйесінде Абайдың таксономиясының өндіріске енгізілуі мүмкін бе?

Бұл ретте Абайдың таксономиясын ұлттық білім беру ісінде өндіріске енгізу қажет пе деген сұраққа дұрыс жауап бере алуымыз керек. Ал бұл сұраққа дұрыс жауап беру үшін, алдымен Абайдың таксономиясын зерделеп білуіміз керек. Білім беру саласы жүйесіндегі осы мәселеге жауапты тұлғалар бүгінде «Абайдың таксономиясы» деген сөздің өзін өздігінше дұрыс қабылдай алмайды, қабылдауға, білуге, түсінуге талаптана алмайды.

Енді қайттік?

Енді сабыр етеміз, болашақтан үміт етеміз.

Сұхбатты жүргізген
Абай институтының
кіші ғылыми қызметкері
Алма Кенжекожаева

Алматы,
3 тамыз 2026